



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

логикой, красноречием и эрудицией. Ему полезно было бы ещё до начала переговоров выработать линию поведения, включающую уверенность в себе перед партнерами, самодостаточность, умение руководить делегацией, учитывать мнения как своих коллег, так и переговорщиков другой договаривающейся стороны.

Таким образом, нами рассмотрены особенности организации и проведения переговорного процесса в международных отношениях. Было отмечено, что документы, планируемые к подписанию в ходе международных переговоров, содержат: оценку позиций сторон; информацию о состоянии документации на текущий момент; аргументы «за» и «против» подписания конечных соглашений.

#### **Список использованных источников**

1. Есдаулетова А.М. Дипломатическая и консульская служба: учебное пособие. - Астана: ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, 2003. - 96 с.
2. Кусаинова А.М. Особенности организации и проведения переговоров на уровне глав государств. Вестник КазНУ. Алматы. 2016. - С. 26-29
3. Байбек Б.К., Абаев Д.А., Закиева Д.Б. Государственный протокол Республики Казахстан / под.ред.Б.К.Байбек. - Астана, 2010. – 413 с.
4. Сулейменов Т.С. Техника ведения дипломатических переговоров. Учебное пособие. Астана: Академия гос.упр. при Президенте. - 2011. - 154с.
5. Архангельская М. Д. Переговорный процесс в международных отношениях. М., 2007. - 376 с.
6. Борунков А. Ф. Дипломатический протокол. М., 2009. - 347 с.
7. Молочков Ф. Ф. Дипломатический протокол и дипломатическая практика. 5-е изд., доп. М., 2015. - 583 с.
8. Грачев Ю.Н. Ведение переговоров в международных отношениях. М., 2012. - 483 с.
9. Тарасов А. Г., Линецкий А. Ф. Международные основы этикета и протокола: учеб. пособие. Екатеринбург, 2014. - 473 с.
10. Бахрамов Ю.М., Глухов В.В. Организация внешнеэкономической деятельности. СПб., 2010. - 373 с.
11. Короленок Г.А. Ведение переговоров и деловых бесед: Учеб. Пособие. - Мн.: БГЭУ, 2015.- 22 с.
12. Лебедева М.М. Вам предстоят переговоры.- М.: Экономика, 2013.- 156 с.
13. Мицич П. Как проводить переговоры.- М.: Экономика, 2007.- 208 с.
14. Плотников Ю.Н., Грачев Ю.Н. Ведение переговоров в международных отношениях. М., 2013. - 489 с.
15. Семилетников Н.А. Дипломатический и деловой протокол.- Мн.: Сигма, 2007. - 116 с.

УДК 141.72

### **ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ ӘЙЕЛДЕРДІҢ БИЛІКТЕГІ ОРНЫ**

**Букурубова Аружан Валихановна**

*[aru.zhan.bv@mail.ru](mailto:aru.zhan.bv@mail.ru)*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Саясаттану» мамандығының 3-курс студенті,  
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – И.С.Рыстина

Қазақ қоғамы үшін қолдау тауыпта, сыналып та жатқан кереғар пікірлердің алмағайып түсуіне ықпал етіп отырған – биліктегі әйелдер мәселесі. Бұл мәселе тарихи жағынан алғанда да, бүгінгі шынайы уақыт шеңберінен алғанда да бұқаралық санаға әсер ететін, қоғам дамуына да ықпалды көпшілік құбылыстар қатарында. Қазақ қоғамы үшін

гендерлік саясат мәселесін ұлттың менталитетіне, елдік сананың ерекшеліктеріне қарай күштеп, таңып енгізу артық.

Біздің тарихымызда елдік мәселені шешуде нәзік жандылардың үлесі қашанда маңызды рөл атқарған. Қазақта керек десеңіз, аналардың есімімен аталатын ру атаулары да жоқ емес. Азаматтар азайып, әскер кеміген кезде, ел үшін ішінара қолына қылыш ұстап, кезеніп жауға шапқан қыздарымыз да болған. Мысалы, кейбір зерттеушілердің болжамы бойынша, егер Әбілқайырдың әйелі Бопай ханша болмаса, Ұлы даланың тарихындағы ханның рөлі басқа болуы мүмкін еді, сондай-ақ, өз заманының ең әйгілі әйелдерінің бірі Жәңгір ханның екінші әйелі - Фатима ханша, жұбайларымен, әкелері мен ағаларымен бірге жоңғарларға қарсы күреске қатысқан Айтолқын - Абылай ханның қызы, Есенбике - Қарасай батырдың қызы, Айбике - атақты Бұланбай батырдың қызы сияқты ержүрек қыздар, Ұлы Отан соғысы жылдарында Жеңіс үшін күрескен Хиуаз Доспанова тұңғыш қазақ ұшқыш қызы, мерген Әлия Молдағұлова, пулеметші Мәншүк Мәметова Кеңес Одағының Батырлары болып атанған еді [1].


Қазір ғылым, білім, техника, ақпарат, сауаттылық заманы. Ерлердің ісі болып есептелетін салада әйелдердің саны артып келе жатқандығын кім де болса мойындайды. Әйел көлікті де жүргізе алады, ұшақты да басқарады. Оған ешкім де қарсылық танытып жатқан жоқ. Мұның барлығы адамның қабілетіне, іскерлігі мен алға қойған мақсат-мүдделеріне байланысты.

Қазақстан әйелдердің саяси қатысуына сайлау жүйелерінің, әсіресе көбірек экспериментке ұқсас келетін саяси-институционалды жағдайлардың тигізген әсері туралы тезисінің қайта бағалауын көрсетті. Қазақстанда екі бірдей сайлау жүйесінің ықпалына қатысты зерттеу жұмыстары жүргізілді. 1999 жылдан бастап Мәжіліске сайлау бір мандатты округтердегі мажоритарлық жүйе, ал басқа бір бөлігі саяси тізіммен пропорционалдық жүйе бойынша өтті.

Бұл ретте мәжіліске сайлауда пропорционалдық жүйені енгізу елдің мемлекет билігін, таңдаулыларын, қарапайым азаматтарды, оның ішінде әйелдерді экономикалық және саяси салаларды ары қарай дамытуда қатыстыруға жұмылдыру механизмдерінің бірі болып есептеледі.

Егер әйелдердің билікке қатысуын халықаралық аренада пайыздық мөлшермен салыстыратын болсақ, Руанда мемлекетінің парламентіндегі 80 мандаттың 45-ін, АҚШ-тың Конгресіндегі 539 орынның 93-ін әйел шенеуніктер иеленіп отыр екен. Таиландтың топ-менеджерлерінің 45 пайызын әйелдер құраса, Ямайкада жоғары білікті жұмыс орындарының 60 пайызы әйел шенеуніктер екен. Сондай-ақ, әйел затына мансаппен өрлеуге жол бермейтін елдерде бар екен. Мәселен, Катар, Оман, Сауд Арабиясының заң шығарушы билігінен әйел затын кездестіру қиын [2].

Ал Қазақстанға келетін болсақ, 6 сайланымдағы ҚР Парламент Мәжілісі мен Сенаты депутаттарының тізімі бойынша Мәжілісте 2016 жылы әйелдер белсенділігі арта түскен екен. Оны келесі диаграммадан байқауға болады:




Сурет 1. Мәжілістегі әйел депутаттарының үлесі

(<http://www.parlam.kz/kk/mazhilis> деректері бойынша)

Яғни, I-сайланымда 68 депутаттардың ішінде 9-ы, II-сайланымда 83 депутаттардың 8-і, III-сайланымда 77 депутаттардың 8-і, IV-сайланымда 118 депутаттардың 18-і, V-сайланымда 118 депутаттардың 29-ы, VI-сайланымда 110 депутаттың 28-і әйелдер құрайды. Осыдан, біз VI-сайланымда, яғни 2016 жылы әйел депутаттар санының артуын көріп отырмыз.


Диаграмма 2 көрсетілгендей, I-сайланымда 64 депутаттардың ішінде 7-і, II-сайланымда 59 депутаттардың 6-ы, III-сайланымда 50 депутаттардың 3-і, IV-сайланымда 73 депутаттардың 3-і, V-сайланымда 72 депутаттардың 4-і, VI-сайланымда 66 депутаттардың 6-ы әйелдер құрайды [3].

Қазіргі заманда әйелдер қауымы қоғам мен мемлекет ісіне келгенде ер азаматтардан кем белсенділік танытып отырған жоқ. Яғни, әйел азаматтар тек отбасы төңірегінде ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік қызметте, бизнесте, денсаулық сақтау мен білім-ағарту жүйесінде жемісті жұмыс істеп жатыр. Сонау қиын-қыстау жылдарында елдің еңсесін көтеруге атсалысудан бастап, бүгінгідей әлемге танылып, бәсекеге барынша қабілетті мемлекет болуға ұмтылып отырған заманда да әйелдер қауымының қосқан үлесі шексіз. Олардың соңғы уақытта қоғамдық жұмысқа етене араласуы байқалып, саяси қызметтерде өсуі бекіді, мемлекеттік қызметтерде де нәзік жандылардың салмағы айтарлықтай артып келеді. Мемлекет ісінде жоғары, жауапты қызметтер атқаратын әйелдер қауымы өздерінің білікті басшылығымен ерекшелініп қана қоймай, Отанымыздың жетістіктеріне де тың дем беруде.



Сурет 2. Сенаттағы әйел депутаттарының үлесі  
(<http://www.parlam.kz/kk/senate> деректері бойынша)

Жоғарыда көрсетілген 1 және 2 диаграмма бойынша Мәжіліс және Сенаттағы әйел үлесін енді жалпы депутаттар санымен салыстыра отырып, пайыздық көрсеткішпен көрсететін болсақ:



Сурет 3. Мәжіліс пен Сенаттағы әйелдер өкілеттігі(I-VI сайланымдар)  
(<http://www.parlam.kz/kk> деректері бойынша)

Қазақстан Республикасы Парламенттегі Мәжіліс және Сенаттағы әйел депутаттарының үлесін жалпы депутаттар санымен салыстыру нәтижелері бойынша, Мәжілісте әйел депутаттарының үлесі Сенатқа қарағанда неғұрлым артық екеніне көзіміз жетті. Сондай-ақ, V және VI-сайланымдарда, яғни, 2015-2016 жылдары Мәжілістегі әйелдер үлесінің күрт артуы байқалды.

Айта кететін жайт, Тәуелсіздік алған күннен бері Қазақстанда мақсатты түрде гендерлік саясат сауатты жүзеге асырылып келеді. Мұның арқасында әйелдерге өздерінің кәсіби және шығармашылық әлеуеттерін жүзеге асыратындай толық мүмкіндіктерге жол ашылды. Дәл осы бағыттағы мемлекеттік саясатқа Тұңғыш Президент - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев та ұдайы мән беріп, ана мен баланың әлеуметтік қорғалуына, отбасы құндылықтарының бірінші кезекте қаралуын назарға алып, осы мәселелерді ұдайы қолдап келеді. Яғни, гендерлік саясат Қазақстанда да қарқынды жүзеге асырылып жатқанын билік тұтқасын ұстаған нәзікжандылардың қатарының артуынан аңғаруға болады.

Елбасы айқындаған мемлекеттік саясаттың басым бағытының бірі әйелдердің әлауқатын жақсартумен негізделеді. Ақордадағы кездесу барысында Президент Н. Назарбаев осы жағына да назар аударды. «Тәуелсіздік жылдарында біз көп нәрсені еңсердік. Қазір елімізде береке мен тыныштық орнады. «Қазақстан-2050» Стратегиясы, «Нұрлы Жол» және басқа бағдарламалар осыны көздейді. Әйелдер отбасын сақтаушы ретінде бақ-берекені ең алдымен балаларынан, дастарқанынан сезінеді, сол арқылы мемлекеттің қамқорлығын сезінеді», - деді Қазақстан Президенті.

Қорытындылай келе, әйел - қоғамның тірегі, мемлекет дамуының тұғыры. Тәуелсіздік жылдарында тыныштық пен тұрақтылықты сақтауда әйелдер қауымының үлесі зор болған болса, ендігі күні де елдік саясаттың осы бағытында мемлекет те нәзікжандылардан ұдайы қолдауға сүйенеді. Өйткені, Елбасы айтпақшы, ел болашағының барлығы, тыныштық пен тұрақтылық саясатының өзегі де әйел азаматтарының қолынан өтеді.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстанның мақтан тұтар ұлы әйелдері [Электрондық ресурс]. Кіру тәртібі: <http://e-history.kz/kz/publications/view/1009>
2. Биліктегі шенеунік әйелдер [Электрондық ресурс]. – Кіру тәртібі: <http://www.gamshy.kz/article/byliktegi-shenewnik-ayelder-foto.html?ln=lat>
3. Қазақстан Республкасының Парламенті ресми сайты . [Электрондық ресурс]. – Кіру тәртібі: <http://www.parlam.kz/kk>